

Шымкент қаласы  
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы  
Кіші топ «Лалагүл» тобы

# Баяндама

Тақырыбы: «Дені сау анадан –дені сау бала туады»

Тәрбиеші: Ергешбаева З  
Абдираева Н

2022-2023 жыл



## *Дені сау анадан дені сау бала туады*

Ана мен бала денсаулығы медицина саласының ең өзекті әрі көкейкесті мәселесі екені анық. Керек десеңіз, бұл ұлт байлығы. Халқымыздың баянды болашағы, мемлекетіміздің ертең жарқын күні бұл ана мен бала денсаулығының қандай болмағына тікелей байланысты. Еліміздің даму көгіндегі темірқазығы – «Қазақстан 2030» бағдарламасының қабылданғанына да 20 жылдан асты. Бағдарлама қабылданған уақыттан бері оның жоспарланған мерзімі, 33 жылдың да тең жартысына таяуы артта қалды. Осы аз ғана жылдың ішінде Қазақстан 20 емес, 200 жылда қол жете бермейтін ұзақ бұрын бағындырды. Айтулы құжатта жолды жүріп өтті. Бағдарламада көрсетілген талай межелерді мерзімінен Қазақстанның дамуына қажетті сан тармақты салалардың әрқайсысы жіліктеліп, әрқайсысының барар бағыты мен алар асуы нақты көрсетілген. Солардың бірі — азаматтардың денсаулығын, білімін және ырысын жақсарту. Бұл тармақтың мақсаты — тұрғындарды салауатты өмір салтына ынталандыру, зиянды әрекеттердің алдын-алу, түрлі аурулардың алдын-алу, ана мен бала денсаулығын қорғау. Бүгінгі таңда біздің бүкіл жұмысымыз денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда» [1]. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды.

Денсаулықтың жоғары деңгейіне жетудің ең маңызды мақсаты салауатты өмір салтын және азаматтың өз денсаулығына деген жаңа көзқарасын қалыптастыру болып табылады, бұл әр адамның табиғи және ішкі қажеттілігіне айналуға тиіс.

Бір ғана мысал айта кететін болсақ: елімізде күн өткен сайын шылымқорлар саны артып барады. Соның ішінде қыз-келіншектердің темекіге үйірлігі алаңдаушылық тудырып отыр. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының қандай болуы бүгінгі күні қыз-келіншектердің денсаулықтарына қалай қарайтынымен өлшенеді. Салауатты өмір салтын ұстану зиянды әдеттерден аулақ болып, спортпен айналысумен қоса – дұрыс тамақтана білу. Өкінішке қарай, халқымыз көбінесе дұрыс тамақтануға жеткілікті көңіл бөле бермейді. Адам майлы тамақтармен қатар, тұзды, қуырылған тамақтардан өзін шектеп отыруы керек. Сондай-ақ құстың, балықтың, жылқының етін араластырып жеуді үйрену керек. Яғни дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтын сақтаудың кепілі. Денсаулық сақтау ұйымының бүгінгі күні жасалып отырған бағдарламасы бойынша адам еттен гөрі жеміс-жидектерді, көкөністерді көбірек пайдаланғаны жөн. Егер біз салауатты тамақтана білсек, бүйрек, қантамырлары ауруы мен ісік ауруларының азаюына мүмкіндік туар еді. «Ауру – астан» дейді. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстануды дұрыс тамақтанудан бастау қажет.

«Біздің негізгі мақсатымыз — тұрғындардың денсаулығын жақсарту және азаматтардың өз денсаулығына деген ынтымақты жауапкершілігін қалыптастыру, жастардың арасында дене шынықтыруды және спортты насихаттау, сонымен қатар, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Жылдың бас құжатында «Адам наукастану оның өзіне тиімсіз екенін түсінуі керек. Бізде денсаулық сақтау тегін, бірақ, бүгінде зейнетақы қорларында жасалып жатқандай, болашақ — медицинадағы сақтандыруда. Адамның өзі, оған жұмыс беруші және мемлекет жауапкершілікте болады. «Адамның денсаулығы неғұрлым нашар болса, ол соғұрлым аз сақтандырылады, неғұрлым жақсы болса, сақтандыру сомасы да соғұрлым көп болмақ» делінген Жолдау мәтінінде.

Бұл айтылғандар «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» қағидасымен үндесіп жатқанын денсаулықтың басты байлық екенінен хабары бар әрқайсысымыз-ақ жақсы ұғынамыз.

«Сақтансаң — сақтармын» делінетін қағида да біз үшін жат емес. Сондықтан, біздің мақсатымыз — тұрғындарға «кез келген аурумен күресу — тек медицина қызметкерлерінің ғана міндеті емес, ол ең алдымен сіз бен біздің міндетіміз, оны жеңу үшін әрбір азамат, әрбір жасөспірім өз бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру керек екендігін түсіндіру. Себебі өз денсаулығымызға біз өзіміз ғана жауаптымыз. «Ұзақ және бақытты өмір сүру — тек біздің өз қолымызда» деген қағиданы ұғындырып, өз денсаулықтарын сақтауға және нығайтуға үйрету. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларда, салауатты өмір салтының басты аспектіні түсіндіре отырып жұмыс жасау»[2]

Ана мен бала денсаулығын қорғау сұрақтары әрбір адамға қатысты. Ана денсаулығы деп жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезіндегі әйелдер денсаулығын айтамыз. «Жаңа туылған нәрестелер денсаулығы-олардың өмір сүруіндегі алғашқы айдағы денсаулығы. Әлемнің кейбір аудандарындағы медико-санитарлық көмек алуға әділетсіздік — жоғары ана өлімін және бай мен кедей арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Жалпы ана өлімі оқиғалары (99%) дамушы елдерде болып жатады. Осы оқиғалардың үштен бірі — Оңтүстік Азияда және басым көпшілігі — Африкадағы Сахара шөлінің оңтүстігінде кең таралған. Әйелдер неге өледі? Жүктілік және жүктіліктен кейінгі және туу кезіндегі асқынулардың өршуі нәтижесінде әйелдер өледі. Осы асқынулардың көбісі жүктілік кезінде өршиді және оларды болдырмауға болады. Жүктілікке дейін болған асқынулар жүктілік кезінде күшеюі мүмкін, әсіресе қадағалауда болмаса. Аналар денсаулығын қалай қорғауға болады? Ана денсаулығы мен жаңа туылған нәресте денсаулығы тығыз байланыста. Шамамен 2,7 миллион жаңа туылған нәрестелер жыл сайын өледі және тағы 2,6 миллионы өлі болып туылады. Барлық босандыруларда білікті мамандардың болуын қамтамасыз ету өте маңызды, себебі уақтылы көмек көрсету және емдеу, ана мен бала өміріне байланысты»[3].

Кеңес беру соңында біз болашақ ата-аналардың жалпы денсаулығы және олардың таңдаған өмір салты аналар

денсаулығы мен балалардың өміріне, созылмалы аурулардың өршуіне ықпал етеді деген қорытындыға келдік. Салауатты өмір салты ол зиянды іс-әрекеттерден (мысалы, темекі шегу, заңға қарсы есірткі шегу, арақ ішу және қауіпсіз нәпсіқорлық іс-әрекеттерден сақтанбау) бас тарту және дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік. Болашақ ата-аналар денсаулығына байланысты мәселелер болса скринингтік тексеруден өтулері керек. Егер осындай мәселе болса, ана мен жаңа туылған нәресте денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету үшін дұрыс диагноз қоюы, емдеу курсынан өтуі керек.

**Шымкент қаласы**  
**№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы**

**"Лалагул" I кіші тобы**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1**

**Тәрбиеші: Абдираева Н**

**Ергешбаева З**

**2022-2023ж**

## 03.09.2022 Ата аналар жиналысының хаттамасы

Бала саны: 20

Қатысқандар 10

Қатыспағандары 10

### Күн тәртібінде

1. Әңгіме «Бала тәрбиесі»
2. Ата аналар комитетін сайлау, жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру
3. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша «Лалагүл» тобының тәрбиешісі Абдираева сөз сөйледі. Біз үлгілік оқу бағдарламасы жоспарына сай жұмыс жасаймыз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып 4 білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері қарастырылған.

Ол бағдарламалар ҚР БҒ минимтірлігі бекіткен Мектеп ке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта жасалған.

Биылғы оқу жылынан бастап смартталған бойынша жұмыс жасап жатырмыз, яғни оқу қызметіне енгіздік.

Әр тақырыпқа сай көрнекіліктер жасаймыз, мысалы фетр матасынан көптеген ойын элементтерін, ертегілерді құрастырып, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырып келеміз.

Әдіскеріміз Жантаева .Г.Ж біздің күнделікті оқу жоспарымызды тексере отырып, өз көз қарасын білдіріп, балаларға қаншалықты жеткізе алатынымызды, қолданатын ресурстарымызды қадағалап, бізге күш жігер беріп отырады.

Біздің бақшада психолог, логопед мамандары да жұмыс жасайды, қажет болған жағдайда оларда көмектерін аямайды. Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатын менгерушіміз Калибекова .А .У жаңа инновациялық «интеллектум» ойын түрлерін көптеп алып беріп курсың оқытып ата аналар мен балалардың алқысын алды. Бұл ойынды балалар сүйіп ойнайды, түрлері өте көп оқу қызметіндеде қолданамыз.

Банядама; «Бала тәрбиесі бесіктен»

2 мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Ергешбаева 3 сөз алды;

Ата аналарға «бала тәрбиесі бесіктен басталады» атты баяндамада қысқа да нұсқа етіп оқып берді. Және екінші мәселе бойынша жаңа оқу жылының басынан ата аналар комитетін сайлап алуды ұсындық Тургунова Рано ханымды

ата-аналар төрайымы етіп бір ауыздан сайлады және көмекшісі ретінде Алтынбек Меруерт ханымды сайлады.

3 мәселе бойыншы

- 1- төлем ақыны әр айдың 10 на дейін төлеуді ескертіп айттық.
- 2- Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікпей келуді түсіндіріп айттық .

Балаларды ауа райына сай киіндіруді ескерттік.

Қаулы;

- 1 Ата аналар бақшамен тығыз байланыста болсын
- 2 Ата аналар комитетінің төрайымы Тургунова Р, Алтынбек М тағайындалсын.
- 3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

Төрайым:  Абдираева Н

Хатшы:  Ергешбаева З

**Шымкент қаласы**

**№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы**

**"Лалагул" I кіші тобы**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2**

**Тәрбиеші: Абдираева Н**

**Ергешбаева З**

**2022-2023ж**



Бала саны 22

Қатысқандар 10

Қатыспағандары 12

### Күн тәртібінде

1. Әңгіме «Дені саудан, дені сау бала туады»
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс шаралары
3. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша бақша басшысы бақшадағы денсаулық сақтау технологиясы бойынша педагогтардың көптеген жұмыстар жасалып жатқандығын айтып өтті. Денсаулығын дамыту жолында түрлі ойындар мен іс-шараларға қолданатын көрнекіліктер мен құралдар алынғанын мәлімдеді. Басты байлық денсаулық, балапандарымыздың дені сау ұрпақ болып өсуіне барынша жағдай жасайтынына айтты, сөзін аяқтады.

2. Мәселе бойынша тәрбиеші Абдираева Н апай сөз алып Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын айтып, ата-аналарға тақпақ әндерін жаттатқызуға жәрдем берулерін айтып өтті.

Ата ана Рано ханым сөз алып, балабақша ертеңгілігіне балаларына сыйлық алып ертеңгілік барысында беруге рұқсат сұрады. тәрбиеші Ергешбаева бақша әкімшілігінен сыйлық берілетіні жайында ескертті.

3 мәселе бойыншы

- 3- төлем акыны әр айдың 10 на дейін төлеуді ескертіп айттық.
- 4- Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін, ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік. Кешікей келуді түсіндірі айттық.

Балаларды ауа райына сай киіндіруді ескерттік.

Қаулы;

- 1 Бала денсаулығына жіті көңіл бөліп қадағалау медбикеге жүктелсін
- 2 Ата аналармен тығыз байланыста отырып ертеңгілік жоғары дәрежеде өткізілсін.
- 3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

Төрайым:  Абдираева Н

Хатшы:  Ергешбаева З

**Шымкент қаласы**  
**№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы**

**"Лалагул" I кіші тобы**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3**

**Тәрбиеші: Абдираева Н**

**Ергешбаева З**

**2022-2023ж**

Қатысқандар 12

Қатыспағандары 10

### Күн тәртібінде

4. Әңгіме «Пайдалы ойыншықтар»
5. Сұрақ жауап «Бала және балабақша»
6. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша тәрбиеші Абдираева Н сөз алып мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс- тәсілдеріне үйрету эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді. Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгертеді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренетіндігін айтып, дәстүрден тыс әдістердің түрлері мен кеспіндемемен, графикамен, скульптурамен, сәндік қолданбалы өнер туындыларымен балалардың қабілеттілік пен дағдыларын дамыту жолында жұмыстар жүргізіп жатқандығын айта келіп, балаларға жасатқан жұмыстарын және іс-тәжірибие көрсетіп өтті. Жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шенгуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, дұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту арқылы мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту, болып табылатынды. Жалпы білім саласы бойынша балалардың даму деңгейі жоғары көрсеткіш көрсетіп бақша қызметкерлерімен ата аналарын қуанытып жатқандығын айтып өтті.

2 мәселе бойынша бақша басшысы сөз алып, табиғат тіршіліктің құт берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Балабақшадағы үйлеріміздегі ұрпағымыздың дені сау болып өсу үшін, ең алдымен ауа тазалығына көңіл бөлген жөн деп ойлаймын. Табиғатты қорғау сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп өніп жетілген. Тәрбие тал бесіктен дейміз, бүлдіршіндерімізді табиғатты сыйлауға, қорғауға тәрбиелейік деп сөзін қорытындылады.

3 мәселе бойынша

Мерекелік іс шараларды өз тәртібімен өткізу.

Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікей келуді түсіндірі айттық .

Балабақша тазалығына тоқталу.

Қаулы;

- 1 Білім сала бойынша бала жетістіктерінің көрсеткіштерін қадағалау.
- 2 Табиғатты аялап бала тәрбиесіне көңіл бөлуді тәрбиешілерге жүктеді.
- 3 Бақша тазалығын қадағалау шаруа меігерушісіне жүктелсін.

Төрайым:  Абдираева Н

Хатшы:  Ергешбаева З

Шымкент қаласы  
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы  
Кіші топ «Лалагүл» тобы

# Баяндама

Тақырыбы: «Бала және балабақша»

Тәрбиеші: Ергешбаева З  
Абдираева Н

2022-2023 жыл



## *Бала және балабақша*

Білім берудің алғашқы баспалдағы болып табылатын мектепке дейінгі білім беру мекемесі көптеген қызметтер атқарады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің міндеттерінің бірі баланы жан-жақты дамытумен қатар, балалардың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі мәселесін шешуі аса маңызды болып табылады. Баланың одан әрі даму табыстылығы көп жағдайда балабақшаға бейімдеу жұмыстарының қаншалықты сапалы әрі дер кезінде ұйымдастырылуына байланысты. Осыдан, мектепке дейінгі жастағы балалардың бейімделу мәселесінің аса маңызды екендігін аңғаруға болады.

Балалардың жаңа жағдайға бейімделу үрдісі психологтардың, психиатрлар мен әлеуметтанушылардың назарынан тыс қалған емес, аталмыш мәселе бойынша педагогикалық зерттеулер Н.Д. Ватутина, Н.Ф. Виноградова, Т.А.Куликова, С.А.Козлова, М.Л.Печора, Р.В. Тонкова- Ямпольская еңбектерінде жасалған. Әрбір бала дамуы үшін балабақша қажет деген пікір кең таралған. Шынымен де балабақша балаға не бере алады? Балабақшаға келген балада өзіне жақын ортамен салыстырғанда басқа нормалар үстемдік ететін жаңа әлеуметтік қатынастар туралы түсініктер қалыптасады. Олардың бастысы - әлеуметтік даму үшін жасалатын жағдайлар (кұрбы-кұрдастармен қарым- қатынас жасау мүмкіндігі, топқа ену, ынтымақтасу икемділігі, белгілі бір ережелерге бағына білу, өзара әрекеттесу нормаларын сақтау т.б.). Бұл кезеңде болашақ ересектік (әлеуметтік) кезеңге дайындық басталады. Қазіргі балалардың көпшілігінің балабақшаға баруы - мектеп алдындағы баспалдақ болып табылады. Балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі оқыту, баланы оқу үрдісіне тарту, мектепке даярлау. Баланың мектептегі болашағы балабақшадағы тәрбиешілердің дайындау деңгейіне байланысты. Олар баланың мектепте оқуға ықыласын ояту үшін баланың қабілеттерін дамытып, оларда оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты арттыруы керек. Бала өзінің жаңа рөлдеріне дағдыланып, үлкендермен «ресми» қатынастар орнатуды үйрене бастайды - бұл олардың мектептің күрделі жағдайларына бейімделуіне қажет. Көптеген аналар балаларымен жұмыс жасауда олардың оқу дағдыларын - оқуды, жазуды, есептеуді нашар меңгеретінін, яғни үнемі алаңдап, қыңырлыққа салынатынын ескертеді. Әрине, бала анасын педагог ретінде қабылдамайды, ол педагогқа қарағанда жақынырақ, қауіпсіз, эмоционалды болып келеді. Бұл ұнамды рөлді өздеріне сақтап, оқыту міндеттерін мамандарға неге тапсырмасқа? Балабақшада тәрбиеші баланы ересекке жақын ұстайды. Ол тәрбиелеумен, тынығуды (бос уақытты) ұйымдастырумен айналысады. Кейбір жағдайда үлкендер балаларын балабақшаға бере отырып, бала тәрбиесіне жауапкершілікті тәрбиешілерге артып жатады. Бір жағынан ата- аналар тәрбиешілер балаға жақсырақ түсіндіре алады және оларға білімдер мен икемділіктерді жақсырақ бере алады деп санайды. Әрине, бұл дұрыс та шығар, себебі тәрбиешілердің балалармен қарым-қатынасқа түсу, тіл табысу тәжірибесі мол, әрі «балалық» сұрақтарға да беретін жауаптары дайын.

Баланың балабақшаға баруы ата-аналардың уақытын босатып қана қоймайды, оның баланың үйлесімді, табиғи дамуы үшін маңызы зор. Балабақшада бала мамандармен және басқа балалармен байланысқа түсе отырып, жаңа деңгейде дамуға мүмкіндік алады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын жеңіл меңгеріп, өзінің күн тәртібіне үйреніп, тәртіпке салынады. Балабақшада оқыту және дамыту үйдегі жағдайларға қарағанда жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мақсатты түрде жүреді. Ең бастысы, балабақшада бала қарым-қатынас сферасының дамуымен байланысты маңызды дағдыларды меңгереді, байланыс орнатуды, өзінің құқығын қорғауды үйренеді. Мұндай тәжірибе балаға өте қажет, оны бала бағушының немесе бала күтушінің қарым-қатынасымен орнын толтыру қателік. Бұл тұрғыда балабақша рөлінің маңызы аса зор. Балабақша баланың алғашқы қоғамдық мекемесі. Бала балабақшада «сауатты» тәрбиелік тәсіл көмегімен қарым-қатынастың барлық нормалары мен принциптерін меңгереді.

Балабақшада бала сурет салу, жабыстыру, құрастыру техникасын меңгереді. Мектепке дейінгі жастағы балада іс-әрекеттің жемісті түрлерінің дамуы үрдісінде қабылдау, зейін, қиял, ойлау жетіле түседі, олардың қоршаған дүние туралы түсініктері кенейеді, олар өз мүмкіндіктерін таниды. Балалардың бірлескен жемісті іс-әрекеті олардың эмоционалды, еріктік, тілдік дамуына мүмкіншілік береді. Қазақстан Республикасында жалпы ұлттық деңгейде мектепке дейін білім берудің басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаға жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетін басты құзыреттілікті меңгеруге және қолайлы әлеуметтенуге мүмкіндік тудыратын толыққанды жағдай жасау және оның жеке басының дамуын кешенді сүйемелдеу, әлеуметтік позитивті қатынастар орнатуға қабілетті шығармашылық тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқытудың негізгі міндеттері:

- бала денсаулығын қорғау және нығайту, толыққанды физикалық дамыту, Қазақстан халқының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылықтарын дамыту;
- балада қоршаған дүние туралы біртұтас бейнені, өзі, әлеуметтік орта жайлы алғашқы түсініктерді қалыптастыру;
- баланы танымдық жағынан дамыту, интеллектуалды іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру, білім құмарлықты дамыту;
- сөйлеуді және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашудың негіздерін меңгеруге дайындау;
- адамның позитивті мінез-құлқының үлгісіне, мінез-құлық нормалары мен ережелеріне, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сай құндылық адамгершілік бағдарларын қалыптастыру;

- отан мен туған жерге деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті, қоршаған дүниеге, отбасына, әртүрлі ұлт адамдарына деген гуманды қатынастарды тәрбиелеу;
- балада эстетикалық сезімдерді дамыту, бейнелеу, бейнелеу- сөйлеу, музыкалық іс-әрекетте шығармашылық қабілеттерді дамыту;

Әртүрлі негіздемелер бойынша әртүрлі жастағы мектепке дейінгі топтар құрылуы мүмкін: баланы психофизикалық және интеллектуалды дамыту, ата-аналардың балаларды белгілі бір бағдарламалар бойынша оқытуын қалау, балалардың туыстық қатынастары және т.б.

ҚР мемлекеттік білім беру стандартында мектепке дейін оқыту және тәрбиелеу бойынша бір жастан алты жасқа дейінгі балаларды дамытуға негізгі талаптар көрсетілген. Мектепке дейін базалық білім беру мазмұны білім беру іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

#### 1. Денсаулық сақтау құзыреттілігі мүмкіндік береді:

■ өзінің физикалық денсаулығын қорғауға және өмір қауіпсіздік ережелерін сақтауға;

- қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге;
- қозғалыс көмегімен әртүрлі жағдайларға байланысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге;
- жеке гигиена дағдыларын және денсаулық сақтау негіздерін игеруге.

#### 1. Коммуникативті-тілдік құзыреттілік мүмкіндік береді:

- ана тілінде және басқа тілде қарым-қатынас орнатып, өзара әрекеттесу үшін ауызша коммуникацияның әртүрлі құралдарын қолдануға;
- тілдің қажетті лексикалық, грамматикалық құралдарын таңдауға және оларды ойындарда, басқа іс-әрекет түрлерінде сөздік шығармашылықта қолдануға мүмкіндік береді;

#### 1. Танымдық құзыреттілік мүмкіндік жасайды:

- қоршаған дүниеге қызығушылықты оятуға;
- дұрыс қойылған міндетке іс-әрекет тәсілін таңдауға;
- қойылған мақсатқа жетуге;
- экологиялық білімдерді меңгеруге;
- сұрақтар қоюға, тәжірибе жасауға, себептік байланыстар орнатуға;
- конструктивті іс-әрекеттегі ойларын жүзеге асыруға;
- жалпы ұғымдар негізінде заттарды біріктіруге және оларды сөзбен білдіруге;



1. Шығармашылық құзыреттілік мүмкіндік береді:

- музыка, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық көрсетуге;
- дұрыс мәнерлі құралдармен (түс, пішін, композиция және т.б.) жеке көркемдік бейнелер жасауға;
- көркемдік шығармаларға, халық шығармашылығына өзіндік қатынасын білдіруге;

1. Әлеуметтік құзыреттілік мүмкіндік береді:

- мінез-құлықтың дұрыс альтернативасын таңдауға;
- өз мүмкіншіліктерінің шегін білуге;
- құрбы-құрдастарымен және үлкендермен бірлескен іс-әрекетке түсуге;
- Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетінің құндылықтарын түсінуге.

Әрбір жас кезеңі құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін меңгеруімен сипатталады. Баланың одан әрі табысты дамуы балабақшаға бейімдеу бойынша жұмыстардың сапалы, әрі дер кезінде ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшаға бейімделуі мәселелердің бірі болып табылады.